



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

где S_{cp} – средняя осадка сооружения за период наблюдения T . Если $v = 1 - 2$ мм/год, то считают, что положение сооружения стабилизировалось.

Крен здания возникает от неравномерности осадок фундамента, в результате чего здания наклоняется в одну сторону:

$$K = \frac{\Delta}{l}, \quad (3)$$

где Δ – разность осадок крайних марок по оси сооружения, l – расстояние между марками.

Прогиб здания возникает в результате неравномерности осадок фундамента, отчего здания изгибается выпуклостью вверх или вниз:

$$f = \frac{2S_2 - (S_1 + S_3)}{2l}, \quad (4)$$

где S_1 и S_3 – осадки крайних марок рассматриваемого участка прямой линии;

S_2 – осадка средней марки участка; l – расстояние между крайними марками.

График осадок марок строят по результатам наблюдений в каждом цикле (рис. 2.).




Рис. 2. График осадок марки М4 во времени

По графику (рис. 2.) можно судить, например, о примерном времени стабилизации сооружения.

Список использованных источников

1. Авакян В.В. Курс лекции по прикладной геодезии 2014 г.
2. ГОСТ 24846-81 Грунты. Методы измерения деформаций оснований зданий и сооружений, -М., 1982 г.
3. СНиП III – 2 – 75 Строительные нормы и правила, - М., 1975 г.
4. Сундаков А.Я. «Геодезические работы при возведении крупных промышленных сооружений и высотных зданий» изд. «Недра», Москва 1980 г.

УДК 349.414

ЖЕР КАДАСТРЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІН РЕТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Билялова Диана Еркеновна

diana_21.04.94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Сәулет-құрылыс факультетінің

Әр мемлекеттің тағдырында жер ерекше маңызды орын алады, ол өзінің пайда болу және қызмет көрсету мүмкіндігін анықтайтын фактор болып табылады. Мемлекеттік басқару сапасы сияқты ұлттық ресурстар біріккен ақпараттық жүйемен бірге орта мемлекеттік басқару жүйесін құру, «Қазақстан-2030» стратегиясының ұзақмерзімді басымдылығы болып табылады.

«Қазақстандықтарды бей-жай қалдырмайтын сұрақ – жер мәселесі. Онымен елдің салт-дәстүрлері және адам тағдырлары, олардың келешек ұрпақ алдында жауапкершілігі байланысқан», - деп ҚР-ның Президенті Н.А. Назарбаев өз үндеуінде ерекшеліп айтты.

Еліміз дүние жүзіндегі жермен қамтамасыздандырылған елдердің бірі болып табылады. Біздің ел дүние жүзінде тоғызыншы орында, ал бұрынғы одақтан Ресей Федерациясына ғана жол береді. Республиканың жер қоры 271287 мың га құрайды. Ауыл шаруашылығына арналған жердің ауданы 201099,5 мың га, бұл барлық жер қорының 74 пайызын құрайды[1].

Елде өткізіліп жатқан реформалар нәтижесінде қоғамдық-экономикалық формацияның ауысу процесі, жаңа жер сабы және оған қатысты жер қатынастарының құрылуы жүріп жатыр. Өркениетті жер қатынастарын құру және жылжымайтын мүлікті басқару жүйелері – нарықтық экономиканың негізгі құралы, бүкіл дамыған елдердің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл мәселені жүзеге асыру негізі, мемлекеттік жер кадастрын құру жеке жүргізу, оның жер-ақпараттық жүйелерін автоматтандыру болып табылады.

Формациялардың ауысуы жер кадастрының мақсатты бағытталуының объективті қажеттілігінің өзгеруін шарттайды. Бұл жер өз қызметтерін сақтай отырып, негізгі құрал ретінде кеңістіктік негіз өндірісі және негізгі табиғи ресурс, жылжымайтын мүлікке айналады. Осыған байланысты әр жер телімі заң түрінде жылжымалы мүлік мәртебесін алып және заңды, жеке тұлғалардың мүлігінің құрамына енуі тиіс. Сонымен қатар жерді қолдану жолдары өзгереді – ақылы жерді қолдану енгізіледі, бұл жерде өту механизмінің жерді кадастрлық бағалау негізінде өңдеу қажеттілігі туады. Жер ресурстарын рационалды және мақсатты қолдану – мемлекеттік маңыздылығы бар мәселе. Бұл сұрақтың шешімі 2003 жылы 1-шілдеден бастап Қазақстан Республикасының 149 бабымен қарастырылған, яғни жер кадастрын, оның толық көлемде жүргізу қажеттілігін тудырады. «Мемлекеттік жер кадастры ҚР-ның жерінің табиғи және шаруашылық жағдайлары туралы мәліметтер жүйесін көрсетеді, орналасқан жері, мақсатты қолданылуы, көлемі және жер учаскелерінің шекаралары, олардың сапалы мінездемесі, жерді қолдану және жер телімдерінің бағалануы туралы есеп» Жер кадастры Қазақстан Республикасының 2003ж. қарастырылған «Мемлекеттік жер кадастрының жүргізу туралы тәртібін» Министрлер кабинетінің қаулысы енгізілді.

Мемлекеттік жер кадастрының өзіндік ерекшелігі және жерге орналастыру құқығын реттеу сияқты жер ресурстарын басқаруда тәуелсіз құқықтық институттың пайда болуын және дамуын айқындайды.

Жер реформаларының басталуымен нарықтық өзгеріс шегінде жерге орналастыру және мемлекеттік жер кадастрының принципті жаңа көптеген қатынастарында құрылу үшін экономикалық, ұйымдық-нормативтік шарттар пайда болды, олар қазіргі нарық қатынастарының дамуына нақты әсер ете алады.

Жаңа заңнама бойынша жер телімі және оған құқық негізгі объектілер болып табылады, соған байланысты көптеген түрлі жер қатынастары пайда болады. Сондықтан нақты бекіту және мүлік иелері, жерді қолданушылардың құқықтарын қорғау туралы сұрақты зерттеу маңызды тәжірибелі мағынаға ие[2].

Жалпы «Кадастр» сөзі латынның «сарит» сөзінен шыққан, иемдену заты деген мағына береді, тағы сол сияқты «capitalistrum» сөзі иемдену заттарының тізімі деген мағына береді. Бастапқы кезде кадастр кітап ретінде болды, оның ішінде (ауданы көрсетілген), салық

салынатын жерлер тізімі, жер қыртысының сапасы және жер салығының көлемі көрсетілген. Сөйтіп, Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес *мемлекеттік жер кадастры (МЖК)* - Қазақстанның табиғи және шаруашылық қатынастағы жерлері, телімдердің орны, көлемі, шекарасы, атқаратын қызметі, сапалық, қасиеттері, кадастрлық бағасы және басқа да үнемі толықтырылып отыратын жүйелі мәліметтердің жиынтығы[3].

Мемлекеттік жер кадастрының құқықтық мағынасы туралы сұрақ аз зерттелген деп айтуға болады. Авторлардың көпшілігі мемлекеттік жер есебін және жер қолданушылық мәліметтерін мемлекеттік жер кадастрының жүесінен тыс қарастырады. Бірақ та жер қолданушылықтың мемлекеттік тіркеуінің құқықтық жағы әдебиеттерде ортақ қолдауға ие болды (СП СССР. 1917. №19. Ст.19).

Жер қолданушылардың мемлекеттік тіркеу құқықтық мінездемесін баспаларда, жер құқығы бойынша оқулықтарда мойындалды, т.с.с. монографиялық әдебиетте Г.А. Аксененок жер пайдаланушыларды тіркеуге алу заң актісі екені, ол жер қолданушылардың құқықтырымен көзқарастарын қорғап, күшейтетінін көрсетеді.

Жер пайдаланушылардың мемлекеттік тіркеуге алынуы құқықтық мағынасы нормативті актілерде де бекітілді, онда жер қолданушылықтың мемлекеттік тіркеуге алынуы заңды акт екені жазылған, жер қолданушылыққа жер учаскелерін қолдануға құқығын хаттайды. Тек мемлекеттік тіркеуге алудан кейін ғана жер қолданушыға жер учаскесін қолдануға құқығы бар екенін күәландыратын құжат беріледі.

Жер құқықтық әдебиеттерде мемлекеттік жер есебінің заңды нәтижесі туралы сұрақтар әр түрлі тұрғыда қаралуда. Бірінші кездерде жер құқықтары туралы әдебиеттерде жер есебінің құқықтық мінездемесі туралы сұрақтар бойынша бөлінбес негативті көзқарас билік етті: «Жер есебі- бұл заң актісі емес, құқықтар мен міндеттерді анықтайтын, ол материалды техникалық операциялардың бір түрі, есеп жұмыстарының әр түрлілігінің біреу болып табылады».

Жер есебін есептеу қызметтерінің бір түрі ретінде санау, құқықтық мінездемесі жоқ болуын мойындау жер-құқықтық әдебиеттерде ұзақ кезең бойы сақталды. Жер есебінің құқықтық мағынасы туралы сұрақтар бойынша өзінің негативтік қатынасын мысалға А.М. Турубинер түсіндіріп жазады: «Жерлерді есептеу нәтижесінде, жер массивінде өзгерістер болмайды, ұйымдар мен азаматтар сияқты, тағы соның құрамына кіретін мемлекеттік жер қоры. Жер есебі мемлекеттің жүргізетін шаралардың негізінде ғана қызмет етеді. Егер жер есебі жүргізілу кезінде нақты бос жер қорлары табылса, онда мемлекет оны қолдануға шаралар жүргізеді. Ал жер есебі жер қолданушылық көлеміне де, ішкі ұйымдарға да өзгеріс енгізбейді[4].

Мемлекеттік жер кадастрының құқықтық мағынасы Ж.Т. Сейфуллиннің экономикалық әдебиетінде көрсетілген: «Кадастр берілгендері, соның ішінде жерді тіркеу, мемлекет пен жер ресурстарын басқаруды ары қарай дамыту мақсатында ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің жерге жеке меншігін, жер иелерімен жер қолданушылардың құқықтарын қорғау және жүзеге асыру мақсаттарында қолданылады. Сондықтан жер кадастрының мәліметтері тек қана экономикалық мағына емес, ол құқықтық мағынаға да ие болады».

Тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақстанда экономикалық өзгерістердің жүзеге асырылуы, жер қатынастарын да қозғады. 1990 жылдан 2001 жылға дейінгі кезеңде заң шығарушы органмен және 2003ж. Жер кодексі, Қазақстан Республикасының Президентімен жер туралы заңы қабылданды, онда принципіалды жаңа жер қатынастарын жариялайтын және жер қолданушылық сұрақтарын көрсететін, жер меншігі және жер нарығы мәселелері қозғалған.

Жер заңдарын хронология бойынша шартты түрде 5 кезеңге бөлуге болады:

- Алғашқы кезеңінде қабылданған: «Қазақ ССР-де халық шаруашылық туралы» заң 21 мамыр 1990 жылы;
- Қазақ ССР-ң Жер Кодексі 16 қараша 1990 ж.;
- «Қазақ ССР-де жер реформасы туралы » заң 28 маусым 1991 ж.;
- «Жер салығы туралы» заң 17 желтоқсан 1991 ж.;
- Қазақстан Републикасының Жоғарғы Одағының Қаулысы «Азаматтарға және шетел

занды тұлғаларына, ұйымдарға және халықаралық бірлестіктерге біріккен кәсіпорындарға жерді қолдануға ұсыну тәртібі туралы жағдайын бекіту туралы» 3 шілде 1992 ж.;

Жер қатынастарының дамуының 2-ші кезеңі (1994-1995жж);

- «Жер қатынастарының реттеуінің кейбір сұрақтары туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы 24 қаңтар 1994 ж.;

- «Жер қатынастарының реттеуінің ары қарай дамыту туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы 5 сәуір 1994 ж.;

Реформаны жүзеге асырудағы 3-ші кезеңі (1995-2001жж):

- Зандық күші бар «Жер туралы», Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы 22 желтоқсан 1995 ж.;

- «Халық шаруашылық туралы» (фермерлік) заң 31 наурыз 1998 ж.;

4-ші кезеңнің басы:

- «Жер туралы» заң 24 қаңтар 2001 ж.;

5-ші кезең Қазақстан Республикасының Жер кодексі.

Берілген Кодекстің өткен жер заңдылығынан негізгі айырмашылығы, жерді қолдану құқығымен қатар жерді иелену құқығының институты енгізілді (тұрақты иелену, өмірлік мұралық иелену). Жер учаскелері ауылшаруашылық және орман шаруашылық өндірісіне заңды тұлғаларға тұрақты иелену құқығында берілді, ал республика азаматтарына ауылшаруашылығын, жеке шаруашылығын, бағбандық және мал асырау жүргізу үшін, құрылыс, тұрғын үйлерге қызмет көрсету, дача құрылысы үшін, дәстүрлі халық шеберлігін жүргізу үшін өмірлік мұралық иелену құқығында берілді[5].

Жер-кадастрлық ақпараттарды өңдеу, жер туралы кадастрлық мәліметтерді алуға бағыттауды жүзеге асыратын арнайы шаралардың орындалуы және ұйымдармен байланысты және арнайы жер кадастрлық құжаттарды (суреттеу және картографиялық) құрастыруымен аяқталады.

Қазіргі кезде жер телімдері туралы мәліметтерді есепке алу және жүйелеу туралы нақты әрі объективті ақпаратты алу, сонымен қатар нысандардың орналасуы жайлы деректер, мұндай ақпараттармен заңды және физикалық тұлғаларды қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр.

Жер мен жылжымайтын мүлікпен орындалатын әр түрлі операциялар кезінде пайдаланушыларға кадастрлық құжаттар құрастыру үшін жер телімдері шекаралары мен аудандарын анықтау, жер кадастрының нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі негізгі сұрақтардың бірі болып табылады.

1994 жылға дейін Жер жылжымайтын мүліктер қатарында болмады, яғни құқықтық реттеу объектісі болып саналмай келді және жер телімдеріне кадастрлық нөмірлер берілмеді. Жер кадастрының (құқықтық жағының) дамуына Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы «Жер қатынастарын реттеудің кейбір мәселелері туралы» және «Жер қатынастарын әрі қарай жетілдіру туралы» Жарлықтары себеп болды. Сол жылдан бастап жерді пайдаланудың, өмірлік мұра ретінде иеленудің, жер телімдерін жалға алудың құқықтарын сатып алу және сату тәртібіне енгізілді. Республика Президентінің 1995 жылы жарық көрген «Жер туралы», «Жер қойнауы және оны пайдалану туралы» заң күші бар Жарлықтарынан кейін жер телімдері жылжымайтын мүлік нысандары қатарына жатқызылды.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыздағы 1995 ж.
2. Жер туралы заңнамалар 2001ж.
3. Қазақстан Республикасының жер кодексі 2003 жылғы 1 шілде
4. 2004 жылғы ҚР жер заңнамалары.
5. Қазақстан Республикасының президентінің жарлығы. 1994 жылғы 24 қаңтардағы №1516 жер қатынастарын реттеудегі кейбір сұрақтар.
6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер кадастрын жүргізу туралы тәртібі